



БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

15.07.2021ж. №14

Талдықорған қаласы

город Талдықорған

**Құрбан айт мейрамын мерекелеу кезінде
Алматы облысы тұрғындарының
санитариялық-эпидемиологиялық
салауаттылығын қамтамыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 5-тармағына және 39 бабына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 102 және 104 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде Алматы облысында, COVID-19 коронавирустық инфекция (бұдан әрі-COVID-19) сырқаттанушылығының өсуіне байланысты, сондай-ақ 2021 жылғы 19-23 шілде аралығында Құрбан айт мерекесі кезінде Алматы облысының тұрғындары арасында COVID-19 одан әрі таралуына жол бермеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысының қалалары мен аудандарының әкімдері, Алматы облысының полиция департаменті, Алматы облысының дін істері басқармасы, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы, Алматы облысының бас имамы қамтамасыз етсін:

1) меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдарда, сондай-ақ жеке үй иеліктері және мешіттерде адамдар көп жиналатын жерлерде іс-шаралар өткізуге тыйым салуды;

2) малды автомашиналардан және жеке меншік үй иеліктерінен сатуға тыйым салуды;

3) БАҚ арқылы оңлайн режимде құрбандық шалуды ұйымдастыру туралы халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;

4) ветеринариялық қызметтің ресми ветеринариялық-санитариялық қорытындысын алған сою пункттері мен алаңдарда (ветеринариялық қызмет

бекіткен тізбеге сәйкес аудандардағы сою пункттері, алаңдар) мал союды және өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етуді;

5) мал союды ветеринарлық сертификат болған жағдайда жабық режимде, тек тапсырыс беруге және жеткізуге, келушілерсіз жүргізуге;

6) облыстың барлық аумағындағы сою пункттерінде күшейтілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауды;

7) Qurban2021.kz сайтқа өтінім бере отырып, құрбандық шалуды онлайн режимде өткізуді;

8) «Құрбан айт» мерекесін ұйымдастыру мәселелерін халыққа түсіндіру үшін Call-орталығының жұмысын ұйымдастыруды;

9) тоңазытқыш жабдықтардың, рефрижераторлардың және жеке қорғаныш құралдарының қажетті санын қамтамасыз ете отырып, мұқтаж адамдарға тез бұзылатын өнімдерді (құрбандыққа шалынған малдың етін) тасымалдау және сақтау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді;

10) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық жұмыс режимінің, эпидемияға қарсы режим талаптарының сақталуына әкімдіктер жанындағы мобильдік топтармен мониторинг жүргізуді.

2. Алматы облысының ішкі саясат басқармасына:

1) бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде ақпараттық сүйемелдеу жүргізуді қамтамасыз етуге, қабылданатын шешімнің адам, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңыздылығы мен өмірлік қажеттілігін түсіндіруді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны Алматы облысы халқының назарына жеткізсін.

3. Алматы облысының қалалары мен аудандарының әкімдері, Алматы облысының полиция департаменті, Алматы облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары осы қаулы талаптарының сақталуын күшейтілген бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2021 жылғы 16 шілде сағат 00.00-ден бастап күшіне енеді.

Алматы облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



g

Е.Сыдыманов